23.08.2018-ғы № 23/235 шығыс хаты

# Протокол

## Совещания церемонии подписания Меморандума между Агентством РК по делам государственной службы и противодействия коррупции и Министерством здравоохранения РК о сотрудничестве по вопросам профилактики коррупционных правонарушений от 15 августа 2018 г.

**Председательствовали:** Министр здравоохранения РК Биртанов Е.А., Председатель Агентства РК по делам государственной службы и противодействия коррупции Шпекбаев А.Ж.

**Присутствовали:** Токежанов Б.Т., Садвакасов Н.О., Бюрабекова Л.В,, Бахмутова Е.Л., Бакиров И.К., Молдашев А.Т., Тұрмағанбет Т.Ә., Каленова Д.Ж., Баймагамбетова Э.Ш., Бисмильдин Ф.Б., Петухова Н.М., Ибраев С.Е., Есимов Д.С., по видеоконференц-связи руководители подведомственных организаций, управлений здравоохранения областей, департаментов комитетов Министерства

От АДГСПК: Председатель общественного совета при АДГСПК Канаев С.З., заместитель начальника департамента антикоррупционной политики Смагулов Д.Н.

**Поручено:**

1. Ответственному секретарю (Токежанов Б.Т.), Председателям комитетов и руководителям их территориальных подразделений, руководителям структурных подразделений Министерства, руководителям подведомственных Министерству организаций, управлений здравоохранения областей, гг Алматы, Астаны, Шымкент:

1.1. принять на исполнение Меморандум между Агентством РК по делам государственной службы и противодействия коррупции и Министерством здравоохранения РК о сотрудничестве по вопросам профилактики коррупционных правонарушений от 15 августа 2018 г. (далее - Меморандум);

1.2. в месячный срок разработать и утвердить планы мероприятий по реализации основных положений Меморандума;

1.3. о проведенной работе по выполнению основных положений Меморандума информировать Министерство ежеквартально к 5 числу месяца, следующего за отчетным кварталом.

2. Ответственному секретарю (Токежанов Б.Т.), Председателям комитетов (Бекшин Ж.М., Бюрабекова Л.В.), Уполномоченному по этике (Бисмильдин Ф.Б.) установить ежеквартальный мониторинг за выполнением планов мероприятий по реализации Меморандума.

3. Контроль за исполнением настоящего протокола возлагаю на Ответственного секретаря Токежанова Б.Т.

**Министр** **Е. Биртанов**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2018 жылғы 07.09 тіркелді
Кіріс 28970

**Результаты согласования**

22.08.2018 09:29:29: Бисмильдин Ф. Б. (Уполномоченный по этике) - - согласовано без замечаний

22.08.2018 18:11:59: Токежанов Б. Т. (Ответственный секретарь) - - согласовано без замечаний

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

*№23/235 от 23.08.2018 года*

**2018 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің арасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі кеңесінің хаттамасы**

**Төрағалық еткен:** ҚР ДСМ министрі Е.А. Біртанов, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы А.Ж. Шпекбаев.

**Қатысты:** Б.Т. Төкежанов, Н.О. Садувақасов, Л.В. Бюрабекова, Е.Л. Бахмутова, И.К. Бәкіров, А.Т. Молдашев, Т.Ә. Тұрмағанбет, Д.Ж. Қаленова, Э.Ш. Баймағамбетова, Ф.Б. Бисмильдин, Н.М. Петухова, С.Е. Ыбраев, Д.С. Есімов, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, облыстардың денсаулық сақтау басқармаларының, комитететтерінің аумақтық департаменттерінің басшылары.

МҚІСЖІҚА: МҚІСЖҚА Қоғамдық кеңесінің төрағасы С.З. Қанаев, Д.Н. Смағұлов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаментінің директорының орынбасары.

**Тапсырылды:**

1. Жауапты хатшы (Б.Т. Төкежанов), комитеттерінің төрағалары және аумақтық бөлімшелерінің басшылары, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Министрлікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың, облыстардың Астана, Алматы және Шымкент қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының басшылары:

1.1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің арасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы 2018 жылғы 15 тамыздағы меморандумды (бұдан әрі- Меморандум) орындауға қабылдасын;

1.2. бір ай мерзімде Меморандумның негізгі ережелерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлесін;

1.3. Министрлікке Меморамдумның негізгі ережелерін орындау жөніндегі атқарылған жұмыс туралы тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 - күніне хабарласын.

2. Жауапты хатшы (Б.Т. Төкежанов), Қоғамдық денсаулық сақтау (Ж.М. Бекшин), Фармация комитеттері (Л.В. Бюрабекова), әдеп жөніндегі уәкіл (Ф.Б. Бисмильдин) Меморамдумдның іс-шаралар жоспарының орындалуын тоқсан сайын іске асыру бойынша мониторингті белгілесін.

3. Осы хаттаманың орындалуын бақылауды жауапты хатшы Б.Т. Төкежановқа жүктеймін.

**Министр** **Е. Біртанов**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2018 жылғы 07.09. тіркелді
Кіріс 28970

13.08.2018-ғы № 23-8/49-вн/и шығыс хаты

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің арасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы**

# МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) атынан Төраға А.Ж. Шпекбаев және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) атынан Министр Е.А. Біртанов, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар,

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінің тарихи маңызы мен мәнін назарға ала отырып,

Ұлт жоспары – Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды іске асыруды негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары құндылығы адам болып табылатын әлеуметтік мемлекетті құруға бағытталған ауқымды институционалдық реформаларды жаңғыртуға және оларды жүргізуге мемлекеттік бағдарын қолдай отырып,

мемлекет пен қоғамның күшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шоғырландыру «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізудің маңызды шартының бірі екенін түсіне отырып,

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем» төзбеушілік жағдайын жасау және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету арқылы мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бүкіл қоғамды тарту мақсатында ынтымақтастықты орнатуға ұмтыла отырып,

бірлескен қызмет туралы бірыңғай пікірге келіп, өздерінің құзыреті және өкілеттігі шегінде келісімге қол жеткізді және төмендегілер туралы Меморандум жасасты:

1. Меморандумның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған, бірлескен және келісілген іс-қимылды әзірлеу және оларды іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар жою бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Меморандумды іске асыру мақсатында:

1) Агенттік:

Министрлікке елдегі және әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың жағдайы, денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына

жүргізілген талдаудың қорытындылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың негізгі нысандары мен әдістері туралы ақпарат ұсынуға;

Министрлікке кадрларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің әдеп және мінез-құлық қағидалары мәселелері бойынша даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, акциялар, семинарлар және кеңестер өткізу әдіснамасына жәрдемдесуге;

Министрлікте бейнебайланыс режимінде өңірлермен сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың өзекті мәселелерін қарау және шешім қабылдау процестерінің айқындығын күшейту бойынша жылына кемінде бір рет кеңес өткізуге;

өңірдің медициналық ұйымдарында, сондай-ақ Министрліктің 1-2 ведомстволық бағынысты ұйымында Министрлікке оларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін ақпарат ұсына отырып, жылына кемінде бір рет сыбайлас жемқорлық қауіптеріне сыртқы талдау жүргізуге ниеттенеді.

2) Министрлік:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын сапалы іске асыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылдауға;

Агенттікті денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын сақтауы, қызметтің ашықтығы мен айқындығын кеңейту бойынша қабылданатын шаралар туралы хабардар етуге;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралардың тиімділігін арттыру шеңберінде Агенттік өткізетін барлық бастамалар мен іс-шараларға белсенді қатысуға;

мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын, көрсетілетін қызметтердің лицензияланатын түрлерін және рұқсат беру функцияларын одан әрі оңтайландыруға, лицензиялар мен рұқсаттар алу тәртібін оңайлатуға;

денсаулық сақтау саласында «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» азайту және жою бойынша шаралар әзірлеуге;

мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының, оның ішінде «ашық көздерде», сондай-ақ мемлекеттік органдар және денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кірістері мен мүлкі туралы ақпаратты орналастыру арқылы, бюджеттік қаражатты бөлу және оның игерілуі, мемлекеттік сатып алудың ашықтық саясатын жүргізуге;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына шағымдану және күдік туған кезде жедел ден қоюға және материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарына беруге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, логистикалық және фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық қауіптеріне оларды жою бойынша шаралар қабылдаумен жыл сайын ішкі талдау жүргізуге;

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

жылына кемінде бір рет Министрлік алқасының отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қарауға;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де шоғырландырылған нысандары мен әдістерін жасауға ниеттенеді.

3. Тараптардың ынтымақтастығы осы Меморандум шеңберінде:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен жедел алмасу;

2) Меморандумды іске асыру шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамдарды айқындау;

3) тікелей уағдаластықтарға қол жеткізген жағдайда – жұмыс кездесулерін өткізу, бірлескен бағдарламаларды әзірлеу, осы Меморандумды іске асыру мақсатында жұмыс топтарын құру;

4) Тараптардың қызметіне қатысты кез-келген мәселелер бойынша Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша Тараптардың консультациялар өткізу;

5) Тараптардың құзыреті шеңберінде ынтымақтастықтың өзге де нысандарын жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады.

4. Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

5. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6. Осы Меморандум екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

7. Осы Меморандум бес жылға жасалады және егер Тараптардың бірі кезекті бес жылдық мерзім өткенге дейін екі айдан кешіктірмей екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату жөнінде өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Астана қаласында 2018 жылғы __ тамызда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

| | |
|---|---|
| **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің атынан** | **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің атынан** |
| ____________________ (қолы) | ____________________ (қолы) |
| **А. Шпекбаев** | **Е. Біртанов** |

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

# МЕМОРАНДУМ
## о сотрудничестве между Агентством Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции и Министерством здравоохранения Республики Казахстан по вопросам профилактики коррупционных правонарушений

Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции (далее – Агентство) в лице Председателя Шпекбаева А.Ж. и Министерство здравоохранения Республики Казахстан (далее – Министерство) в лице Министра Биртанова Е.А., в дальнейшем именуемые «Сторонами»,

принимая во внимание историческое значение и важность Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» и Обращения к народу «Пять социальных инициатив Президента»;

основываясь на реализации Плана Нации - 100 конкретных шагов по реализации Пяти институциональных реформ Главы государства;

поддерживая государственный курс Президента Республики Казахстан на модернизацию и проведение масштабных институциональных реформ, направленных на построение социального государства, в котором высшей ценностью является человек;

понимая, что консолидация усилий государства и общества против коррупции является одним из важнейших условий достижения целей Стратегии «Казахстан-2050»;

стремясь к установлению сотрудничества в целях повышения эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечения в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижения в Казахстане уровня коррупции;

пришли к единому убеждению о необходимости совместной деятельности и в пределах своих компетенций и полномочий достигли соглашения и заключили настоящий Меморандум о нижеследующем:

1. Целью Меморандума является выработка и реализация совместных и согласованных действий, направленных на реализацию антикоррупционной политики, повышение эффективности принимаемых мер по противодействию коррупции, устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений.

2. В целях реализации Меморандума:

1) Агентство намерено:

предоставлять информацию Министерству о состоянии коррупции в стране и мире, об итогах анализа коррупционных правонарушений в отрасли

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

здравоохранения, основных формах и методах работы по противодействию коррупции

оказывать содействие Министерству в подготовке и повышении квалификации кадров по вопросам противодействия коррупции, этики и правил поведения государственных служащих, в методологии проведения акций, семинаров и совещаний;

не менее одного раза в год проводить совещание в Министерстве в режиме видеоконференции с регионами по рассмотрению актуальных вопросов предупреждения коррупции и усилению прозрачности процессов принятия решений;

не реже одного раза в год проводить внешний анализ коррупционных рисков в организациях здравоохранения 1-2-х регионов, а также в 1-2-х подведомственных организациях Министерства с предоставлением информации в Министерство для принятия мер по их устранению.

2) Министерство намерено:

принимать все необходимые меры по качественной реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 – 2025 годы и противодействию теневой экономике, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2018 года №309;

информировать Агентство о принимаемых мерах по противодействию коррупции в отрасли здравоохранения, соблюдению правил служебной этики государственными служащими, расширению открытости и прозрачности деятельности;

принимать активное участие во всех инициативах и мероприятиях, проводимых Агентством в рамках повышения эффективности мер по противодействию коррупции, устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений;

проводить дальнейшую оптимизацию контрольно-надзорных функций, лицензируемых видов деятельности и разрешительных функций государственных органов, упрощение порядка получения лицензий и разрешений;

разработать меры по минимизации и устранению «бытовой коррупции» в сфере здравоохранения;

проводить политику транспарентности государственного органа и его подведомственных организаций, в том числе путем размещения в «открытых источниках» информации о распределении и освоении бюджетных средств, государственных закупках, а также доходах и имуществе руководителей органов и организаций здравоохранения;

оперативно реагировать и передавать материалы в органы по противодействию коррупции при жалобах и подозрениях на коррупционные правонарушения;

ежегодно проводить внутренний анализ коррупционных рисков при закупе лекарственных средств, логистических и фармацевтических услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования с принятием мер по их устранению;

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

не реже одного раза в год рассматривать на заседании коллегии Министерства вопросы противодействия коррупции;

вырабатывать иные консолидированные формы и методы противодействия коррупции.

3. Сотрудничество Сторон в рамках настоящего Меморандума осуществляется путем:

1) оперативного обмена информацией, представляющей взаимный интерес в сфере противодействия коррупции;

2) определения лиц, осуществляющих взаимодействие в рамках реализации Меморандума;

3) в случае достижения прямых договоренностей – проведения рабочих встреч, разработки совместных программ, создания рабочих групп в целях реализации настоящего Меморандума;

4) проведения Сторонами консультаций по запросу одной из Сторон по любым вопросам, касающимся деятельности Сторон;

5) осуществления иных форм сотрудничества в рамках компетенции Сторон.

4. В случае возникновения споров и разногласий при толковании и применении положений Меморандума Стороны разрешают их путем консультаций и переговоров.

5. По взаимному согласию Сторон в настоящий Меморандум могут вноситься изменения и дополнения, являющиеся его неотъемлемыми частями и которые оформляются отдельными протоколами.

6. Настоящий Меморандум вступает в силу с даты подписания обеими Сторонами.

7. Настоящий Меморандум заключается сроком на пять лет и автоматически продлевается на последующие пятилетние периоды, если ни одна из Сторон не позднее чем за 2 месяца до истечения очередного пятилетнего периода, не направит другой Стороне письменное уведомление о своем намерении прекратить его действие.

Совершено в городе Астана __августа 2018 года, в двух подлинных экземплярах, на казахском и русском языках, по одному экземпляру для каждой из Сторон.

| **От лица Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции** | **От лица Министерства здравоохранения Республики Казахстан** |
|---|---|
| ______________________ (подпись) | ______________________ (подпись) |
| **А. Шпекбаев** | **Е. Биртанов** |

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

**Результаты согласования**
13.08.2018 14:50:27: Бисмильдин Ф. Б. (Уполномоченный по этике) - - согласовано без замечаний

06.09.2018 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)